

**2010 жылғы 28 мамырдағы Қазақстан Республикасы мен Ресей Федерациясы арасындағы Кеден одағын қалыптастыру шеңберінде халықаралық шарттарды қолдану туралы шартқа өзгерістер енгізу туралы хаттаманы ратификациялау туралы**

Қазақстан Республикасының 2010 жылғы 30 маусымдағы № 316-IV Заңы

2010 жылғы 18 маусымда Санкт-Петербургте жасалған 2010 жылғы 28 мамырдағы Қазақстан Республикасы мен Ресей Федерациясы арасындағы Кеден одағын қалыптастыру шеңберінде халықаралық шарттарды қолдану туралы шартқа өзгерістер енгізу туралы хаттама ратификациялансын.

*Президенті*

*Қ а з а қ с т а н                      Р е с п у б л и к а с ы н ы ң  
Н. Назарбаев*

**2010 жылғы 28 мамырдағы Қазақстан Республикасы мен Ресей Федерациясы арасындағы Кеден одағын қалыптастыру шеңберінде халықаралық шарттарды қолдану туралы шартқа өзгерістер енгізу туралы  
ХАТТАМА**

Бұдан әрі Тараптар деп аталатын Қазақстан Республикасы мен Ресей Федерациясы, 2010 жылғы 28 мамырдағы Қазақстан Республикасы мен Ресей Федерациясы арасындағы Кеден одағын қалыптастыру шеңберінде халықаралық шарттарды қолдану туралы шартқа (бұдан әрі - Шарт) өзгерістер енгізу ниетімен Еуразиялық экономикалық қоғамдастық шеңберінде кеден одағын қалыптастыру және кеден одағының бірыңғай кедендік аумағында кедендік реттеуді қамтамасыз ету жөніндегі өзара тиімді ынтымақтастықты жалғастыру мақсатында, төмендегілер туралы келісті:

**1-бап**

Шарттың 2-бабының 2-тармағы мынадай мазмұндағы ережелермен толықтырылсын :

2010 жылғы 18 маусымдағы Кеден одағының кедендік аумағындағы еркін (арнайы, ерекше) экономикалық аймақтар және еркін кедендік аймақтың кедендік рәсімі мәселелері туралы келісім ;

2010 жылғы 18 маусымдағы Еркін қоймалар және еркін қойманың кедендік рәсімі туралы келісім ;

2010 жылғы 18 маусымдағы Жеке тұлғалардың жеке пайдалануға арналған

тауарларды кеден одағының кедендік шекарасы арқылы өткізу және оларды шығаруға байланысты кедендік операцияларды жасау тәртібі туралы келісім;

2010 жылғы 18 маусымдағы Кеден одағына мүше мемлекеттердің кеден органдарының кедендік бақылаудың белгілі бір нысандарын қолдануынан босату туралы келісім;

2010 жылғы 18 маусымдағы Жолаушыларды тасымалдауды жүзеге асыратын халықаралық тасымалдаудың көлік құралдарын, сондай-ақ жүктерді және (немесе) багажды тасымалдауды жүзеге асыратын тіркемелерді, жартылай тіркемелерді, контейнерлер мен темір жол жылжымалы құрамын Кеден одағының кедендік аумағы арқылы ішкі тасымалдау үшін пайдалану ерекшеліктері туралы келісім;

2010 жылғы 18 маусымдағы Халықаралық почта жөнелтілімдерімен жіберілетін тауарларға қатысты кедендік операциялардың ерекшеліктері туралы келісім.

## **2-бап**

Осы Хаттама Шарттың 8-бабында белгіленген тәртіппен күшіне енеді, бірақ Шарттың күшіне енуінен бұрын енбейді және 2010 жылғы 1 шілдеден бастап уақытша қолданылады.

2010 жылғы 18 маусымда Санкт-Петербург қаласында орыс тілінде екі түпнұсқа данада жасалды.

*Қазақстан Республикасы үшін Ресей Федерациясы үшін*

2010 жылғы 28 мамырдағы Қазақстан Республикасы мен Ресей Федерациясы арасындағы Кеден одағын қалыптастыру шеңберінде халықаралық шарттарды қолдану туралы шартқа өзгерістер енгізу туралы хаттаманың қазақ тіліндегі мәтіні орыс тіліндегі мәтініне сәйкес келеді.

*міндетін атқарушы*

*Қазақстан Республикасының  
Экономикалық даму  
және сауда министрінің  
Қ. Бишімбаев*